

Жиынтық табысты есептеудің тәртібі туралы Нұсқаманы бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 2 ақпандағы N 2 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 мамырда тіркелді. Тіркеу N 306 Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-Ө ~V021782 бұйрығымен.

Еңбек министрлігінің 1996 жылғы 10 маусымдағы N 2 бұйрығымен бекітілген аз қамтылған отбасыларына адрестік көмек көрсету үшін отбасының жиынтық табысын есептеудің тәртібі туралы Нұсқамаға өзгерістер енгізілуіне байланысты бұйырамын:

1. Жиынтық табысты есептеудің тәртібі туралы Нұсқама бекітілсін.
2. Еңбек министрлігінің 1996 жылғы 10 маусымдағы N 2 бұйрығымен бекітілген аз қамтылған отбасыларына адрестік әлеуметтік көмек көрсету үшін отбасының жиынтық табысын есептеудің тәртібі туралы бұйрығы күшін жойды деп есептелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау министрінің
1997 ж. 2 сәуірдегі N 2 бұйрығымен,
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Статистикалық Агентствосы Төрағасының
1997 ж. 28 наурыздағы N 3-1-14/124
бұйрығымен,
Қазақстан Республикасының Экономика
министрлігімен және Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігімен
келісіліп, бекітілді

Жиынтық табысты есептеудің тәртібі туралы

Нұсқама

1. Жалпы ереже

1.1. Отбасы мүшесінің жиынтық табысына Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде сол кезде ақшалай немесе заттай белгіленген табыстың, алу көздеріне қарамастан, барлық түрі енеді, оларға:

- 1) еңбекақы түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыс;
- 3) мүліктей табыс;
- 4) мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақылар, шәкіртақылар, жәрдемақылар, өтемақылар* және әлеуметтік қолдаудың басқа да түрлері;

Ескерту:

<*>

Балалы отбасыларына берілетін бірыңғай

жәрдемақыдан, жалғыз тұратын зейнеткерлерге ақшалай немесе заттай түрінде берілетін өтемақыдан, қайтыс болғанда жерлеуге және бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақылардан басқалары.

- 5) балаларға және асырауындағы басқаларға алатын алименттер;
- 6) мертігіуіне немесе денсаулығына өзгелеу зақым келуіне байланысты өтем ретінде алынатын біржолғы сомалар;
- 7) ақшалай және зат түрінде алған ұтыстар;

8) жеке меншік қосалқы шаруашылықтан (соның ішінде қорадағы малдан үй маңындағы учаскеден, бау-бақшадан, саяжайлық учаскеден алынатын табыстар).

II. Еңбекақы түрінде алынатын табыстар

Еңбекақы түрінде алынатын табыстарға мыналар жатады:

2.1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Статистикалық Агентствосының Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Мемлекеттік банкімен, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясымен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен келісе отырып 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 50 V960244_ қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 16 желтоқсанда N 244 болып тіркелген жалданып жұмыс істейтіндердің статистикалық саны және жалақысы жөніндегі Нұсқаманың 6.1. және 6.3. бөлімдерінде көрсетілген ақшалай және заттай жалақылардың, сондай сыйақылардың үстемелер мен әлеуметтік жеңілдіктердің барлық түрлері (қаржыландыру көздеріне қарамастан, қызметкерлерге заңғы сәйкес негізгі жұмыс орны сияқты қосымша жұмыс орны бойынша жұмыс істемеген уақыттарына төленетін ақшалай сомаларды қоса алғанда).

2.2. Жалақыны есептеген кезде есепке алынбайтын және кәсіпорынның

(ұйымның) қаражаты есебінен төленетін, 7.1. (81-тармақтан басқасы); 7.2.; 7.3 (бала туғанда және қайтыс болғанда берілетін жәрдемақылардан басқа) бөлімдердегі басқа да төлемдер; 7.4. 86, 87-тармақтар.

2.3. Сонымен бірге отбасының жиынтық табысының құрамына, контракт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басқарушы құрамы адамдарының ақшалай жабдықталымдары да енеді.

III. Кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыстар

3.1. Кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыстарға мыналар жатады:

- 1) өнімдерді (жұмысты, қызметті) сатудан түсетін табыс;
- 2) тауарлы-материалдық құнды заттарды, мүліктерді сату кезінде олардың құнын инфляцияға бейімдеп түзетуге байланысты бағаның өсімінен түсетін табыстар;
- 3) өткізу операцияларынан тыс табыстар, соның ішінде:
 - проценттерден түсетін (кредит беруден (заемнан) алынған немесе салымдар (депозиттер) бойынша проценттер) табыстар;
 - дивидендтер;
 - өтеусіз алынған ақша қаражаттары;

- жылжымайтын дүние-мүліктер мен мүліктерді жалға беруден түсетін табыс.

IV. Жеке тұлғалардың мүліктік табысы

4.1. Мүліктік табысқа мүліктің құнын инфляцияға лайықтап түзетуді ескергенде мыналарды сатудан алынатын құнның өсімі жатады:

- жеке тұлғаның тұрақты орны болып есептелмейтін жылжымайтын мүлікті;
- бағалы қағаздарды;
- шетелдік валютаны;
- қымбат тастар мен қымбат металдарды, олардың ішінде зергерлік бұйымдарды және қымбат тастар мен қымбат металдардан жасалған басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындылары мен антиквариаттарды.

4.2. Сонымен бірге мүліктік табысқа табыстардың мына түрлері:

- өтеусіз алынған жылжымайтын дүние-мүліктерді, мүліктерді қымбат тастар мен металдарды, оның ішінде зергерлік заттарды және қымбат тастар мен қымбат металдардан жасалған басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындылары мен антиквариаттарды сатудан алынған табыстар;
- мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша проценттер жатады.

V. Мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақылар, шәкіртақылар, жәрдемақылар, өтемақылар және әлеуметтік қолдаудың басқа да түрлері

5.1. Жиынтық табыстың құрамына мыналар енеді:

- заңмен және басқа нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және жұмыс берушілердің шешімімен белгіленген тәртіпте тағайындалатын зейнетақылар мен оларға қосымша берілетін өтемақылық төлемдер;

- жоғары оқу орындарының студенттеріне, орта арнайы оқу орындары мен кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының студенттеріне, оқушыларына және тыңдаушыларына төленетін шәкіртақылар, олардың қайдан төленетініне қарамастан;

- жұмыссыздығына байланысты берілетін жәрдемақылар, сондай-ақ кәсіптік білім алу және қайта оқу кезінде Мемлекеттік жұмыспен қамту қорынан алатын

шәкіртақылар;

- әлеуметтік сақтандыру қорынан және басқа бюджеттен тыс қорлардан төленетін жәрдемақылар;

- еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты (соның ішінде балаға күтім жасағаны үшін);

- жүктілігіне және босануына байланысты;

- үйінде тәрбиеленіп, оқылтылатын мүгедек балаларға берілетін жәрдемақы;

- отбасылық жәрдемақы: мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінің балаларына берілетін ай сайынғы жәрдемақы, адамның иммундық вирус жұқтырған немесе СПИД-пен науқастанған балаларға ай сайын берілетін жәрдемақы, жеті жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар жұмыс істемейтін көп балалы аналарға берілетін жәрдемақы;

- республикалық және жергілікті бюджеттің, сондай-ақ жұмыс

берушілердің қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлемдер мен материалдарын көмек;

- заңдарға және өзге де нормативтік құқылық актілерге сәйкес берілетін заттай жабдықтың құны, сондай-ақ осы жабдықтың орнына төленетін сомалар;

- тұрғын үй жәрдемақысы (жәрдемақының осы түрін алу үшін жиынтық табысты есептеген кезде есепке алынбайды);

- жеке ақша аударымдары;

VI. Балаларға және асырауындағы басқаларға алынатын алименттер

6.1. Балаларға және асырауындағы басқаларға алынатын алименттер жиынтық табыстың құрамына енеді.

VII. Мертігуіне немесе денсаулығына өзгедей зақым келуіне байланысты өтем тәртібінде алынатын біржолғы сомалар

7.1. Қызметкердің еңбек міндеттерін орындау кезінде өндірістік жарақат алу салдарынан еңбек ету қабілетін жоғалтуына, денсаулығына зақым келуіне байланысты жұмыс берушілердің оларға өтем ретінде заң белгілеген мөлшерде төлейтін біржолғы төлемдері мен басқа да шығындары жиынтық табыстың құрамына енеді.

VIII. Ақша және зат түріндегі ұтыстар

8.1. Ақша және зат түріндегі ұтыстар жиынтық табыс құрамына енеді.

IX. Жеке қосалқы шаруашылықтан (соның ішінде қорадағы малдан, үй маңындағы учаскеден бау-бақшадан, саяжайлық учаскеден түсетін табыстар)

9.1. Жеке қосалқы шаруашылық (соның ішінде қорадағы малдан, үй маңындағы учаскеден, бау-бақшадан, саяжайлық учаскеден алынатын табыстар) отбасының жиынтық табысына енеді.

9.2. Отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысына ескерілетін табыстың көлеміне қалада (қала үлгісіндегі поселкеде) тұратын отбасы үшін есептік көрсеткіштің 5 есе мөлшері және ауылдық жерлерде тұратын отбасы үшін есептік көрсеткіштің 6 есе мөлшері алынады. <*>

ЕСКЕРТУ. 9.2. тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1998.03.05. N 3 V980078_ бұйрығымен.

X. Жиынтық табысты есептеу

10.1. Жәрдемақының сол және басқа түрін алу құқын анықталған кезде отбасының жиынтық табысы есептелінеді.

10.2. Отбасының жиынтық табысына отбасы құрамына енген барлық адамдардың жәрдемақы тағайындау үшін немесе басқа мақсаттар үшін өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсан ішіндегі (бірімен біріне дейінгі аралықтағы) табысы енеді.

10.3. Отбасының тоқсан ішіндегі орташа айлық жан басына шаққандағы жиынтық табысы отбасының осы кезең ішіндегі жиынтық табысы отбасы мүшелерінің санына және тоқсан ішіндегі айлар санына бөлу жолмен есептеледі.

10.4. Есептеу кезінде құрамында өзгеріс болған отбасының жиынтық табысын есептеген кезде отбасының жаңадан қосылған (кеткен) мүшесінің сол келген (кеткен) айынан бастап алған табысы есептеледі (есептелмейді).

Отбасының бір мүшесі бас бостандығынан айыратын жерде болуына немесе күштеп емделуге жіберілуіне байланысты отбасында болмаған жағдайда

отбасының жиынтық табысын есептеген кезде кеткен (келген) адамның табысы оның кеткен (келген) кезіне дейін ескеріледі. Бірақ отбасының сол отбасы мүшесінен алатын алименті немесе басқа сомалары отбасының жиынтық табысына енеді.

Егер осы адамдар жоғарыда аталған себептермен бүкіл кезең ішінде отбасында болмай қалса, онда олардың табысы отбасының жиынтық табысын есептеген кезде есепке алынбайды.

10.5. Егер отбасының бір мүшесі жиынтық табыс есептелінетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, оның осы кезеңде жұмыс істеген айлары ішіндегі табысы ескеріледі, ал орташа айлық табыс жалпы жалақысы мен басқа да табыстарын тоқсан ішіндегі айларға бөлу арқылы анықталады.

XI. Отбасының жиынтық табысын есептеген кезде ескерілетін ерекшеліктер

11.1. Шетелде жұмыс істейтін және отбасы құрамына есептелетін адамдардың жиынтық табысына ұлттық валюта сияқты шетелдік валюта да есепке алынады. Бұл орайда шетелдік валюта түрінде алған табыстар отбасының жиынтық табысын анықтаған кездегі Ұлттық банктің белгіленген курсы бойынша ұлттық валютаға есептеледі.

11.2. Егер Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасына жұмысқа немесе оқуға келген шетелдік азаматымен некеде тұрса және ол отбасының мүшесі деп есептелсе, отбасының ортақ табысы Қазақстан Республикасы азаматының табысынан және шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында алған ұлттық теңге түріндегі сияқты шетелдік валюта түріндегі, яғни отбасының жиынтық табысын есептеген кездегі Ұлттық банктің белгілеген курсы бойынша теңгеге шаққандағы ұлттық валюта түріндегі табысымен белгіленеді.

11.3. Азаматтық-құқықтық келісімдер, соның ішінде ғылым, әдебиет немесе басқадай пайдалануға келісімдер болған жағдайда осы келісім есебінен аванспен төленетін сыйақы аванс берілген бүкіл кезеңге бөлінеді, ал ақырғы есеп айырысу кезінде қалған сома келісімде аванс берілгеннен кейінгі күші жойылмаған кезеңіне бөлінеді.

11.4. Авторлық гонорарлар (келісім болмағанда), сондай-ақ жаңалықтар ашқаны, өнертабысы және рационализаторлық ұсынысы үшін алған сыйақылар отбасының осыларды алған айлардағы табысына енеді.

11.5. Жұмыс берушінің несиелерді, кредиттерді өтеу сомалары жиынтық табысқа енеді және несие беру, кредит беру мерзіміне оларды өтеу сәтінен бастап (тепе-тең төленген, соманы жарым-жартылай өтеуде және несиені, кредитті беру мерзімінде) бөлінеді.

11.6. Жеке азаматтарда немесе азаматтар ұжымында жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысына олардың нақты жалақысы ескеріледі. Бұл орайда жалақының заттай берілетін бөлігі жиынтық табысқа рынок бағасы бойынша ақшаға бара-бар түрінде енеді.

11.7. Әскери қызметшілердің ақшалай жабдықтылығы отбасының жиынтық табысына үстемелері мен қосымшалары ескеріле отырып енгізіледі. Мұнда мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінің, соның ішінде әскери міндетін әскери-құрылыс отрядтарында атқарып жүрген әскери қызметшілердің ақшалай жабдықтылығы бұған кірмейді, өйткені олар отбасы құрамының есебіне алынбайды.

11.8. Алынатын алименттер отбасының жиынтық табысына сол тиісті және есепке алынатын кезеңіне есептеледі. Алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы қарыз деп есептелінбейді және отбасының жиынтық табысына оларды есептеген күннен бастап есепке алынады.

Егер сот шешесіне (әкесіне) алимент өндіруден бас тартса сондай-ақ ерлі-зайыптылар ажырасып, шешесі (әкесі) жазбаша түрде өтініш беріп алименттен бас тартса не оларды алмаса, онда сот шешімінің көшірмесі және жәрдемақы алуға өтініш жасаушының алимент алмағандығы туралы жазбаша өтініш бойынша жиынтық табыс алимент қосылмай есептелінеді.

Ерлі-зайыптылардың некесі бұзылған, бірақ жәрдемақы тағайындау үшін өтініш жасаған кезде сот әкесінен (шешесінен) алимент өндіріп алу туралы шешім шығарған жағдайда отбасының өткен уақыттағы жиынтық табысын анықтаған кезде әкесінің (шешесінің) табысы есепке алынады.

11.9. Құрамында жұмыс істемейтін бір немесе бірнеше мүгедегі бар отбасының жиынтық табысын есептеген кезде отбасының жиынтық табысына мүгедекке тағайындалған зейнетақы қосылады.

Егер жәрдемақы тағайындалғаннан кейін мүгедек жұмысқа орналасса, онда отбасына жиынтық табысы мүгедектің өткен уақыт ішінде алған табысының жалпы сомасы ескеріле отырып қайта есептеледі.

11.10. Фермерлердің жиынтық табысына ауыл шаруашылық өнімдерін сатудан түскен, салық салу органдарына өткізетін алынған табыстары туралы декларацияда көрсетілген нақты табыстары енеді. Бұл орайда жылдық табыс 12 айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі сол белгілі бір кезең ішіндегі жалпы жиынтық табысқа енеді.

11.11. Жиынтық табысты есептеген кезде шартты жер үлесін және мүліктік үлестік жарнаны пайдаланғаннан және іске асырғаннан түскен табыс та ескеріледі.

11.12. Отбасының жиынтық табысын анықтау жеке тұлғаларға салық салу

кезінде пайдаланылатын құжаттардың, сондай-ақ жәрдемақы алуға және басқа мақсаттарға өтініш жасаған азаматтың өткізген басқа да құжаттары мен мәліметтері негізінде жүргізіледі.

11.13. Отбасының жиынтық табысын анықтау үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- отбасының жұмыс істейтін мүшелері жұмыс істейтін жерінен жалақысы туралы анықтама өткізеді;

- жұмыссыз ретінде тұрғылықты жеріндегі жұмыспен қамты орталығында

тіркелген адамдар алатын жәрдемақысының мөлшері туралы анықтама өткізеді;

- зейнетақы алатын адамдар жергілікті жеріндегі еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органынан алатын зейнетақысының мөлшері туралы анықтама өткізеді;

- кәсіпкерлікпен айналысатын адамдар салық инспекциясының тиісті анықтамасын өткізеді;

- алимент алушылар кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның аударып отыратын алименттері туралы анықтамасын немесе алып отыратын алимент туралы почта переводтарын, шешесінің (әкесінің) өтінішін өткізеді.

Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік	Ұлттық статистикалық
қорғау министрлігінің	Агентствосының халық, еңбек
зейнетақымен қамсыздандыру,	және үй шаруашылығы
еңбекақы төлеу және тұрмыс	статистикасы Бас
деңгейі Бас басқармасы	басқармасы